

**М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті**  
**Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бөлімі жанындағы**  
**«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша қоғамдық денсаулық сақтау және өзге де**  
**денсаулық сақтау саласының мамандарын даярлау білім беру бағдарламаларын**  
**оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тобы (ОӘҚ)**

**ОӘҚ отырысының хаттамасы №3**

2025 жылғы 15 қараша, Ақтөбе қ.

**Төраға:** Ермуханова Л.С.

**Төрағаның орынбасары:** Мусаханова А.К.

**Хатшы:** Болатова Ж.Е.

**Қатысқандар:** комитет төрағалары, РОӘК ОӘҚ құрамындағы университеттердің өкілдері – барлығы 13 адам.

**Қатыспағандар:** 3 адам.

**Күн тәртібі**

1. 3-курс аяқталғаннан кейін білім алушылардың тәуелсіз бағалауы үшін Жоғары Білім Беру Секциясы әзірлеген «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламаларының талдауына негізделген базалық құзыреттер (БҚ) мен оқу нәтижелерінің (ОН) ұсынылған тізімін талқылау.

**Тыңдалды:**

1. «Медико-профилактикалық іс» комитетінің төрайымы Даулетқалиева Ж.А. жоғары оқу орындарында академиялық автономия қағидатын сақтау салдарынан «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламаларының бірыңғай мазмұнының жоқтығы туралы баяндады. Жоғары Білім Беру Секциясы ұсынған БҚ мен ОН тізімі дайындық бағытына қатысы жоқ элементтерді қамтиды. Білім беру бағдарламаларының мазмұнына іргелі ғылымдардың жекелеген фрагменттері мен зерттеу дағдылары енгізілуі мүмкін, алайда олар аралық білімді тәуелсіз бағалау кезінде көрініс таппауы тиіс.

**Дауыс беру:** Бір ауыздан.

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. ОӘҚ ұсынған базалық құзыреттер мен сәйкес оқу нәтижелерінің тізімін бекіту және оны РОӘК ОӘБ-қа бекітуге ұсыну.

**Төраға**

Ермуханова Л.С.

**Хатшы**

Болатова Ж.Е.